76. Он алты жасқа дейінгі балаларды Мекемеден шығару құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, Мекеме Жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін Мекемені басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

77. Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы ұйымдардың келісімімен қабылданады.

## **10. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі ақылы қызмет көрсету тәртібі**

78. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге Мекеменің білім беру қызметтері бюджет қаражаттары есебінен қызмет тегін көрсетіледі.

79. Мекеме Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына сәйкес ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы.

80. Мекеме білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасау негізінде, ақылы қызметтің мынадай түрлерін көрсете алады:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің Мекемеде откізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету.

81. Ақылы білім беру қызметін көрсету барысында Мекеменің ақылы негізде ұсынатын қызмет бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

82. Ақылы негізде қызмет көрсету барысында Мекеменің, білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының (немесе өзге да заңды өкілдердің) өзара қатынастары шартпен реттеледі.

83. Білім алушылар шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде толеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

84. Оқу ақысы төлемін кезең - кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы орын алған жағдайда және инфляция индексін ескере отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

85. Мекеменің ақылы білім беру қызметін көрсетуден түскен табысы, Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген тәртіппен қаржылық, материалды – валюталық түсімдерді реттеуге бағытталған мақсаттарға жұмсалады.

## **11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен (өзге де заңды өкілдерімен) қатынастарын рәсімдеу тәртібі**

86. Білім алушылардың:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) Мекеменің Педагогикалық кеңес шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы қосымша білім алу қызметтерін пайдалануға;

5) білімі тиісті деңгейде және Жарғылық талаптарға сәйкес болған жағдайда басқа да орта білім беру мекемелеріне қабылдануына және ауысуына;

6) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

7) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;

9) өзінің қозғарасы мен пікірін еркін білдіруге, ар-намыс және ақпарат бостандығына ерікті болуға;

10) адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;

12) медициналық қызмет алуға, таксиден басқа қоғамдық көлікте жүруде жеңілдіктерге ие болуға;

13) Мекемені басқаруға қатысуға құқықтары бар.

87. Білім алушылардың міндеттері:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Мекеменің Жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға;

2) оздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға, педагог қызметкердің ар-намысын, Мекеме дәстүрлерін құрметтеуге міндетті;

3) Мекеме Жарғысының талаптарын сақтауға, ынтамен оқуға және Мекеме мүлкін сақтауға;

4) білім алушыларға міндеттерін бұзғаны үшін әкімшілік жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

88. Білім алушылар Мекеменің жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысында бекітілген бірыңғай киім үлгісін сақтауға міндетті; Мектеп формасының түсін, үлгісі мен юбка ұзындығын таңдауға орта білім беру ұйымы мен қамқоршылық кеңес анықтайды, жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

89. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі-мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының фасоны, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында, үш түстен артық емес араластырыла отырып ұсынылады. Мектеп формасының түсі тыныш және ашық емес тондардан таңдалады.

90. Мектеп формасы күнделікті, салтанатты және спорттық болып бөлінеді.

1) ұлдарға арналған мектеп формасы:

пиджак, кеудеше, шалбар, салтанатты ақ койлек, күнделікті көйлек (қысқы кезең: трикотаж кеудеше, күртеше). Ұлдарға арналған шалбар еркін пішілген және ұзындығы бойынша аяқтың тобығын жабады.

2) қыздарға арналған мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық ақ жейде (қысқы кезең: трикотаж кеудеше, сарафан, күртеше). Қыздарға арналған шалбар, ұзындығы бойынша аяқтың тобығын жабады.

3) ұлдар мен қыздарға арналған спорттық киім: спорттық костюм

(спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киім (кроссовкалар, кедалар).

4) мектеп формасына негізгі түске немесе мектеп формасының түсіне карама-қарсы сәйкес келетін классикалық нысандағы галстук кіреді.

5) әртүрлі конфессиялардың діни тиесілілік киім элементтерін (хиджаб, никаб, паранжа, бурка, сикх тюрбандары, иудей кипасы, орамал, кимешек – бас киімдері) мектеп нысанына қосуға жол берілмейді.

91. Ата-аналардың (өзге де заңды өкілдердің) құқықтары:

1) білім беру ұйымын баланың қалауы, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып таңдауға;

2) балаларының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

3) ата-аналар комитеттері арқылы Мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысуға;

4) балаларының үлгеріміне, мінез - құлқына және оқу жағдайларына қатысты Мекемеден қажетті ақпарат алуға;

5) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық–медициналық педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

б) балаларының келісімшарттық негізде қосымша қызмет пайдалануы - на құқығы бар.

92. Ата-аналар (өзге заңды өкілдердің) міндеттері:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, адамгершілік тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларының сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

3) Мекеменің үнемі ынтымақтастықта болуға;

4) Мекеменің Жарғысында айқындалған ережелерді орындауға;

5) балаларының тәрбиесі мен білім алуына жауапты болуға;

б) балаларын одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, олардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге.

## 12. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

93. Мекемені басқару Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңнамаларына, тиісті үлгідегі білім беру ұйымы қызметінің Үлгілік (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) ережелері мен Мекеменің Жарғысына сәйкес жеке-дара және алқалылық принциптерімен басқару арқылы жүзеге асырылады.

94. Мекемені басқаруды құрылтайшы - Сәтбаев қаласының Әкімдігі жүзеге асырады.

95. Мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) Мекеме Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;

4) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, Мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

96. Мекемені жалпы басқаруды уәкілетті орган, сондай-ақ оған байланысты Мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

97. Мекеменің уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Мекеменің құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін және Мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) Мекеме Директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) Мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) Мекеме Директоры ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

98. Мекемені Қазақстан Республикасы заңнамасының белгілеген тәртіппен қызметке тағайындалып және қызметінен босатылатын Директор тікелей басқарады.

99. Қызметті жүзеге асыру барысында Мекеме Директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) іссапарларға, тағылымдамаларға, қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты Мекеме тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Уәкілетті орган басшысы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

8) Мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

9) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

10) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес қарауындағы тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетіне және жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруда жеке жауапкершілікте болады.

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен, мемлекеттік басқару органы және уәкілетті органымен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

100. Мекеме Директоры Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) Мекеме білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарының бұзылғаны;

4) білім беру ұйымы білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулық қауіпсіздігі;

5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны;

б) нормативтік - құқықтық актілерде және еңбек шарттарында көзделген өзге де талаптардың бұзылғаны үшін жауапкершілікте болады.

101. Мекеменің Директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мекеменің Жарғысында айқындалған өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

102. Мекеме Директоры лауазымдық міндеттерін басқа қызметпен қоса атқаруға болмайды.

103. Директор Мекеме жұмысына жалпы басшылық жасайды және Мекеме міндеттемелерінің орындалуына жеке жауапкершілік ұстанады.

104. Мекемедегі алқалы басқарудың түрлері болып: Педагогикалық кеңес, Қамқоршылық кеңес, Әдістемелік кеңес, Ата-аналар комитеті табылады.

105. Алқалы басқару өз қызметінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік - құқықтық актілерін басшылыққа алады.

106. Мекемені алқалы басқару органы Педагогикалық кеңес болып табылады, ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібін анықтайтын Үлгілік ережелерімен реттеледі.

107. Педагогикалық кеңестің құрамына: Мекеменің Директоры (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді.

108. Педагогикалық кеңестің басты міндеттері: білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі педагогикалық ұжымның күшін біріктіру, білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымының қызметін педагогикалық жұмысты және оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруге бағыттау, педагогикалық ғылым мен озық тәжірибелер жетістіктерін практикаға енгізу, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ауысуына және бітіріп шығуына қатысты мәселелерді шешу болып табылады.

109. Педагогикалық кеңес:

1) Мекемедегі нормативтік - құқықтық актілердің (бұйрықтар, нұсқаулар, ережелер және т.б. заңнамалық құжаттардың) орындалысын;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстар жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытуға жаңа инновациялық технологияларды енгізуді;

3) Мекеменің оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлауды;

4) қорытынды аттестаттауды өткізу, білім алушыларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды мадақтамалармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы куәліктер, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы, үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтамалар берілуін;

5) педагогтардың оқу жүктемесін бөлу, тарификацияны бекіту, педагогтарды аттестаттауға дайындау, марапаттау және ынталандыру;

6) Мекемеде білім алушылардың бірыңғай мектеп формасын кию туралы және басқа да мәселелерді қарастырады.

110. Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін Педагогикалық кеңес отырысында қаралып, Мекеме Директорымен бекітілетін жоспар бойынша іске асырылады.

111. Педагогикалық кеңес шешімдері оқу – тәрбие процесінің барлық қатысушылары үшін міндетті.

112. Мекенемі алқалы басқару органдарының бірі болып Қамқоршылық кеңесі табылады. Қамқоршылық кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібін анықтайтын Үлгілік ережелерін және Мекеме Жарғысын басшылыққа алады.

113. Қамқоршылық кеңес Мекеме әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

114. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымдарында құрылады.

115. Қамқоршылық кеңес қызметінің мақсаттары:

- 1) Мекеменің Жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
- 2) білім беретін оқу бағдарламаларын табысты іске асыру мақсатында Мекеменің білім алушылары мен педагогикалық ұжымға қажетті жағдайлар жасау;
- 3) Мекеменің қаржылық қолдау, материалдық-техникалық базасының нығаюын қамтамасыз ету;
- 4) Мекеменің әрі қарай дамуына ықпал ету болып табылады.

116. Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) Мекеменің әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету;
- 2) тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;
- 3) халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету;
- 4) Мекеменің қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады.

117. Қамқоршылық кеңесінің құрамына:

- 1) жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса));
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған сыныптардың, курстардың әрбір параллелінен осы білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық (бар болса).

Қамқоршылық кеңес құрылатын білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары оның отырыстарына қатысады.

118. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және бір-бірімен және осы білім беру ұйымының басшысымен жақын туыстық пен қасиетке қатысы жоқ тоғыз адамнан кем болмайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Қамқоршылық кеңес құрамындағы мүшелердің саны үш адамнан аспайды.

119. Қамқоршылық кеңестің басшысы Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен сайланатын (қайта сайланатын) төраға болып табылады.

Мемлекеттік органдардың өкілдерін Қамқоршылық кеңесінің төрағасы сайламайды және оның міндеттерін орындамайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы Білім беру ұйымы қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

120. Әдістемелік кеңес - Мекеменің оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқару нысаны. Әдістемелік кеңес Мекеме қызметінің білім беру үдерісін оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жеткізу үшін психологиялық - педагогикалық, дидактикалық - әдістемелік және оқу - материалдық объектілермен қамтамасыз ету бағытында оз жұмысын ұйымдастырады.

121. Әдістемелік кеңес Мекеменің оқу – әдістемелік жұмысына басшылық жасайды, өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамаларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес іске асырады.

122. Оқу-әдістемелік жұмысқа тікелей басшылық жасауды Мекеме Директорының оқу - әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

123. Әдістемелік кеңестің мақсаты ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, Мекеме педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

124. Әдістемелік кеңес келесі бағыттарды қамтиды:

1) ғылымның теориялық, әдіснамалық негіздерін, педагогика мен психологияның жетістіктерін, дүниетанымның, өзіндік жұмыстың, өзіндік білімнің іскерлігі мен дағдысын қалыптастыратын, ақыл-ес және танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді меңгеру;

2) білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу;

3) сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін және шығармашылық түрде меңгеру;

4) үздік, жаңашыл тәжірибемен және оның идеяларын шығармашылықпен пайдалану, менеджменттің қызметтерімен және прогрессивті идеяларымен, инновацияларымен танысу;

5) білім алушылардың ғылыми әлеуетін оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және Мекеме педагогтарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу;

6) педагог кадрлармен, оның ішінде жас мамандармен жұмыс атқару;

7) оқыту сапасына, оқыту жетістіктерінің деңгейіне, оқушылардың тәрбиесіне талдау жасау;

8) педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау рәсіміне белсенді түрде қатысу;

9) әдістемелік, ғылыми-әдістемелік онімді әзірлеу және шығару.

125. Ұжымдық – әдістемелік жұмыстың түрлері пәндер бойынша оқу – әдістемелік орталықтар, озық тәжірибелер мектебі, жас мамандар мектебі, нұсқау беру – әдістемелік кеңестер, семинарлар, тренингтер, шеберлік сабақтары, ашық сабақтар, конференциялар, форумдар болып табылады.

126. Мекемені алқалы басқару органдарының бірі ретінде Ата-аналар комитеті өз отырыстарында оқу-тәрбие процесін, білім алушылардың дайындық және тәрбиелік деңгейін жақсартуға бағытталған көмек көрсету мәселелерін талқылайды және кейбір туындаған кикілжіңдерді шешуге атсалысады.

127. Ата-аналар комитетінің негізгі міндеттері:

1) Мекемедегі мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға ата-аналар қоғамдығын белсенді қатысуға тарту;

2) патриоттық тәрбие бойынша, салауатты өмір салтын насихаттау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесіндегі қоғамдық тәрбиенің ықпалын күшейту, балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс жасауын, маскүнемдікке салыну, нашақорлық деңгейлерін төмендетуге бағытталған тәрбиелік мақсаттарды шешуге ықпал ету.

3) педагогика мен психология мәселелері бойынша ата-аналардың құзыреттілігін арттыру мақсатында Ата-аналар университеті, конференция, дөңгелек үстелдер, дәрістер, жиналыстар арқылы ағарту жұмыстарын жүргізуде қолдау көрсету;

4) мұғалім мәртебесін көтеруге, білім алушылардың оқуға деген жауапкершілігін тәрбиелеуге, оқу - еңбек дағдыларын қалыптастыруға саналық қажеттіліктерін дамытуға білім алушылардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға мектеп пен отбасына көмек көрсету арқылы барынша ықпал ету.

5) білім алушылардың тәрбиесіне деген ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

128. Ата-ана комитетінің басшысы болып жалпы ата-аналар жиналысында сайланған төраға танылады. Ата-аналар комитеті жанынан Әкелер кеңесі, Аналар мектебі жұмыс атқарады.

129. Ата-аналар комитеті өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамаларын, осы Жарғыны және Мекеме Директорымен бекітілген Ата-аналар комитетінің Ережесін басшылыққа алады.

### **13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі**

130. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

131. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

132. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен Мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

133. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

134. Мекеме мүлкі оған жедел басқару құқығымен беріледі және ол мемлекеттік мүлікке жатады.

135. Мекеменің қаржылық - шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) жүзеге асырады.

#### **14. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

136. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормаларына қайшы келмейді.

#### **15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен еңбек ұжымының қарым-қатынасы**

137. Мекеме қызметкерлерінің жұмысын реттеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

138. Мекеменің қызметкерлері қазіргі заңдылыққа сәйкес барлық жеңілдіктермен пайдаланады.

139. Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогтік немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогтік қызметпен айналысуға жіберіледі.

140. Педагогикалық жұмыскерлерге қойылатын талаптар белгіленген тәртіппен бекітілген біліктілік мінездемелермен анықталады. Мекеме қызметкерлері мен әкімшілік арасындағы қатынастар еңбек туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттеледі.

141. Мекеменің Педагог қызметкерінің:

1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;

2) ғылыми - зерттеу, тәжірибелік - эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

4) Мекемені басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

5) ұзақтығы төрт айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;

6) біліктілік арттыру мақсатында аттестатталуына, мерзімінен бұрын аттестатталуға;

7) педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

8) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына құқығы бар;

9) әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдырылуына;

10) Мекеме әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға құқығы бар.

142. Мекеменің Педагог қызметкері:

1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары рухани-адамгершілікке, үлкендерге, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

7) педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;

8) оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) оқу кабинеттерінің материалдық-техникалық базасын сақтауға жауапкершілік алуға;

10) білім алушылар білімін әділ бағалауға;

11) қала ауқымындағы және Мекемедегі іс-шараларға белсене қатысуға міндетті.

143. Мекеме Педагог қызметкерінің Қазақстан Республикасының заңнамалары мен нормативтік құжаттарымен реттелетін басқа да құқықтары мен міндеттері бар.

144. Міндеттері мен педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылады.

145. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

146. Білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге педагогтік қызметіне сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

147. Педагог қызметкерлердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу пиғылымен пайдалануына тыйым салынады.

148. Мекеме қызметкерлерінің келесі құқықтары мен міндеттері бар:

1) еңбекті моральды және материалды ынталандыруға;

2) кәсіби қызметіне жағдай туғызуға;

3) ішкі еңбек тәртібін сақтауға;

4) өзіне берілген еңбек міндеттемелерін орындауға;

5) уақытылы медициналық тексерістен өтуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалары мен нормативтік құжаттарымен реттелетін басқа да құқықтары мен міндеттері бар.

149. Мекеме қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

150. Мекеме қызметкерлерін жұмыстан шығару қазіргі Қазақстан Республикасы еңбек туралы заңдылығына сәйкес жүзеге асырылады.

## **16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

151. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Мекеменің құрылтайшысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

152. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## **17. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату**

153. Мекемені қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамаларына сай жүргізіледі.

154. Мекемені қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) оның мүлкін меншіктеушінің немесе меншік иесі уәкілдік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі бойынша, сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілдік берілген органның шешімі бойынша жүргізіледі. Заңдарда қайта құрудың басқа да нысандары көзделуі мүмкін.

155. Қайта құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.

155. Қайта құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.

156. Заң құжаттарында көзделген реттерде ықтиярсыз қайта құру сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

157. Егер Мекеменің мүлкін меншіктенуші, ол уәкілдік берген орган, құрылтайшылар немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында қайта құруға уәкілдік берілген органы заңды тұлғаны қайта құруды сот органының шешімінде белгіленген мерзімде жүзеге асырмаса, сот Мекеменің басқарушысын тағайындайды және оған осы заңды тұлғаның қайта құруды жүзеге асыруды тапсырады. Басқарушы тағайындалған кезден бастап заңды тұлғаның ісін басқару жөніндегі өкілеттік соған ауысады. Басқарушы сотта заңды тұлғаның атынан әрекет етеді, бөлу балансын жасайды және оны заңды тұлғаны қайта құру нәтижесінде туындайтын құрылтай құжаттарымен бірге соттың бекітуіне береді. Аталған құжаттарды соттың бекітуі жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін негіз болады.

158. Мекеме, біріктіру нысанында қайта құрылатын реттерді қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар тіркелген кезден бастап қайта құрылған деп есептеледі.

159. Мекеме оған екінші бір заңды тұлғаның қосылуы жолымен қайта ұйымдастырылған кезде қосылған заңды тұлға қызметінің тоқталғаны туралы мәліметтер Бизнес – сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап олардың біріншісі қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

160. Мекеме мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, сондай-ақ құрылтай құжаттарында осыған уәкілеттік берілген органының шешімі бойынша Мекеме кез келген негіз бойынша таратылуы мүмкін.

161. Заңды тұлғаны тарату туралы сот шешімімен Мекемені таратуды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер оның мүлкін меншіктенушіге, меншік иесі уәкілдік берген органға, Мекемені таратуға оның құрылтай құжаттарында уәкілдік берілген органға, не сот тағайындаған басқа органға (тұлғаға) жүктелуі мүмкін.

162. Мекеме лицензиясынан айырылған немесе таратылған жағдайда оның құрылтайшысы білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыруға шаралар қолданады.

«Сәтбаев қаласының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің  
«Абай атындағы №4 мектеп-лицейі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
директоры

  
Жаппасова Г.

Нөмірленген, баумен байланған және нөмірмен  
бекітілген

*Н.В. Ақрышбеков* бет бар

Жазбаша  
Білім бөлімі  
Мерекесінің орны  
20*20* ж. *13* . *02* ж.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫ ӘДІЛЕТ БӨЛІМІ  
НӨМІРЛЕНГЕНІ ТІГІЛГЕНІ  
БАРЛЫҒЫ *481 Қазақстан*